



ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КОСТАНАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
“АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ БІЛІМНІҢ РӨЛІ”**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**



**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ**

**К 125 ЛЕТИЮ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА  
“РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО  
КАПИТАЛА”**

23 қараша 2018 ж., Қостанай қ.  
23 ноября 2018 г., г. Костанай

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

А 32

**РЕДАЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;

**Медетов Нурлан Амирович**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму проректоры, физика – математикалық ғылымдарының докторы;

**Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелері жөнендегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;

**Ахметов Тлеген Альмуханович**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

**Аманжол Күзембайұлы**, тарих ғылымдарының докторы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының профессоры (Мәскеу, Ресей)

**Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, педагогика кафедрасының аға қызметкері;

**Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психология-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

**Утегенова Бибигуль Мазановна**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

**Мнайдарова Светлана Сейтжановна**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының кандидаты;

**Калиев Дастан Дуйсенұлы**, Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі.

**«АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ» = «РОЛЬ  
ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО КАПИТАЛА».** –

А 32

**Қостанай, 2018. – 244б.**

**ISBN 978-601-7934-59-0**

«Адами капиталды даму контекстіндегі білімнің рөлі» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер адами капиталды даму контекстіндегі қазіргі заманауи білім берудің өзекті мәселелерін айқындады, тәрбие жүйесінің өскелең ұрпақтың басымдықтары мен құндылықтар бағдарын қалыптастырудағы шешуші рөлін көрсетті, білім берудің жаңа міндеттеріне сәйкес педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдірудің қажеттілігін негіздеді.

Аталған жинақ жоғарғы оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналған.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции к 125 летию Магжана Жумабаева «Роль образования в контексте развития человеческого капитала».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники отразили актуальные проблемы современного образования в контексте развития человеческого капитала, показали ключевую роль системы воспитания в формировании ценностных ориентаций и приоритетов подрастающего поколения, обосновали необходимость совершенствования профессионализма педагогов в свете новых образовательных задач.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ и научные сотрудники.

**ӘОЖ 37.0 (063)  
КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-59-0**

©Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2018

©Костанайский государственный педагогический университет, 2018

## ДЕБАТ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТҮЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Калиев Дастан Дүйсенұлы,  
педагогика ғылымдарының магистрі,  
Мешітхан Ақжол Ахытұлы,  
Тарих мамандығының 4 курс студенті

### Аннотация

Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер туралы мәселелер қарастырылды. Тұлғаны қалыптастыру үшін дебат технологиясының қолдану жолдары берілген.

Түйінді сөздер: білім беру жүйесі, жаңғыру, өзгерістер, жаңашылдық, технологиялары, ғылыми-әдіснамалық бағыт

### Аннотация

В этой статье обсуждаются вопросы изменения существующей системы образования. Как использовать дебатную технологию для формирования личностей.

Ключевые слова: стратегия образования, изменения и преобразования в образовательной системе, инновации в высшей школе, принципы образования

### Abstract

This article discusses how to change the existing education system. How to use debate technology to form personalities

Keywords: education strategy, changes and transformations in the educational system, innovations in higher education, principles of education

Дебат өз бастауын Көне Грециядан алады, онда ол демократияның маңызды бір бөлігі болып табылған. Афиныда азаматтар ұсынылып отырған заңдардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы сөз таластырған; оқушылар мәселені жақсырақ түсіну үшін жан-жақты көзқарас тұрғысынан талдай отырып, сөз таластыруды үйренген.

Орта ғасырларда Еуропада диспуттар, ораторлық шеберлік және пікірталас курстары кеңінен тараған. Бұл дәстүр кейінірек Кеңес одағының білім беру жүйесінде өз жалғасын табады.

Дебатқа деген қызығушылықтың жаңа толқынына АҚШ-тағы 1960 жылғы президент сайлауындағы Джон Кеннеди мен Ричард Никсон арасындағы теледидарлық алғашқы дебат себеп болады.

Заманауи қоғамда пікірталастар парламент пен телеэкрандарда, ЖОО мен мектептерде, кейбір кездерде күнделікті өмірде де өтіп жатады. Аталған жағдайда дебат ретінде сөзталастыру (мәселені бірнеше көзқарас тұрғысынан талқылау) қабылданады. Мұндай пікірталастардың әдетте ресми сипаты жоқ және ешқандай ереже сақталмайды. Ол кемшілікті белгілі бір ережелері, регламенттері бар «ресми» дебат жоя алады.

Бұл тұрғыда дебат екі (кей форматтарда төрт) қарама-қарсы, бәсекелес команда (топ, немесе жеке спикер) қатысушы өкілдерінің алдын ала белгіленген сөз сөйлеулеріне негізделген ресми талқылау болып табылады. дебатқа мұндай анықтаманы оны дискуссияның жинақталған түрі болып табылатын талқылаудың бір түрі қарастыра отырып, М.В.Кларин береді.

Қазіргі уақытта дебат бүкіл әлем бойынша мектептерде кеңінен тараған: Батыс және Шығыс Еуропада, АҚШ, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азияда. Сонымен қатар «дебат» Халықаралық білім беру ассоциациясы құрылған. Және көптеген адамдар үшін «дебат» сөзі «Ашық қоғам» Институты «дебат» халықаралық бағдарламасы құрылған 90-жылдардың басында ерекше кеңінен таралған қызықты және танымдық зияткерлік ойынмен байланысты болған. «Дебат» бағдарламасының құндылығы оның қайталанбас педагогикалық технология бола отырып, жалпы орта және кейін жоғары кәсіби білім беру жүйесінің алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырудың құралы болып

табылуында. Және осы аталған оқулық өзінің полифункционалдығымен ерекшеленетін осы дебат пен оны оқыту барысында пайдалануға арналған.

#### Дебаттың тақырыбын анықтау және құрастыру

Кез келген дебаттың алғашқы қадамы – тақырыпты құрастыру. Ол үшін, ең біріншіден, дебатқа қатысушылары мен олардың жаттықтырушылары үшін қызығушылықты тудыратын мәселелер немесе идеялар анықталатын болады. Екіншіден, тақырып жақсы құрастырылуы тиіс. Оны белгілі бір қағидалар бойынша құрастыру қажет: тақырып маңызды және заманауи мәселелерді қозғап өтіп, «жақтаушы» және «даттаушы» жақтар бірдей деңгейде өз аргументтерін тиімді түрде дамыта алатындай болып берілуі тиіс. Тақырып ешбір жаққа артықшылық бермейтіндей болып құрастырылуы керек. Яғни тақырып:

- Маңызды мәселелерді қозғауы тиіс;
- Қызықты болуы тиіс (өзекті болуы керек);
- пікірталастыруға жарауы тиіс.

Тақырып пікірталасты белгілі бір түрде шектейді. Алайда тақырып құрамында талқылануы мүмкін көптеген мәселелер болуы мүмкін, сондықтан оны шектеу қажет. дебатқа қатысушылар тақырыптың негізгі түсініктерін шектеу арқылы осы қосымша шектеулерді қояды.

Анықтама дебатта өте маңызды, себебі нені талқылауға болатындығын және нені болмайтындығын білу қажет. Оның үстіне, нақты анықтамалар төрешіге сіздің стратегияңыз бен аргументтер контекстін түсінуге көмектеседі.

Стратегиялық тұрғыдан нені талқылауға болатындығын шектеу өте маңызды. Егер сіздің дебат үшін арналған уақытыңыз бір-ақ сағат болса, онда онымен тиімді жұмыс жасау үшін дебаттың тақырыбын тарылту қажет. Мысалы, жеке қару-жарақты қадағалау мәселесі әлемнің көптеген елдерінде дау-дамай туғызды. Мәселенің мәні қарапайым халықтың негізгі бөлігінің қару сатып алу мүмкіндігіне белгілі бір тыйым салуды енгізу туралы мәселе көтерілуінде. Дәл осында сипаттама «жеке қару-жарақты қадағалау» сөз тіркесінің құқықтық анықтамасы болып табылады. Қолда осындай анықтама болған жағдайда өте қызықты дебат ұйымдастыруға болады.

Алайда жақсы анықтаманың болуы – жалпы көріністің бір бөлігі ғана. Егер сіз өз анықтамаларыңызды түсінетін болсаңыз – жақсы, алайда дебатта оны қарсыластарыңыз бен төрешілерге де жеткізе білу маңызды болып табылады. Сөздің нақты мәні көптеген жағдайда талқылауға түрткі болып жатады. Егер сіз өзіңіздің терминді анықтау құқығыңызды қажетті түрде қолдана білмесеңіз, оны қарсыластарыңыз өз пайдасына қолданып кетеді. Төменде келтірілген мысалды қарастырыңыз. Анықтаманың дебаттың тәжірибелік және стратегиялық аспектілеріне қалай әсер ететіндігі туралы ойланыңыз.

Мысалы, мен «қару» сөзін А пунктiнен Б пунктiн бұзу үшін оқ жібере алатын қандай да бір зат деп анықтаймын. Осы анықтаманы негізге ала отырып, айырсадақ (рогатка) та қару болып табылады. Ендеше дебатқа әрбір «қару» түрінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталас енгізілуі тиіс, ал ол жақсылыққа апармайды.

Мағыналық анықтамадан басқа, стратегиялық мағына да бар. Қаруды қадағалау тақырыбын жалғастыра отырып, «бақылау» сөзі қандай да бір сөзді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін қандай да бір қажетті іс-әрекет деп анықталады деп есептейік. Мысалы, сіз автокөлігіңіздің жағдайын неғұрлым жиі қадағалаған сайын, ол сізге соғұрлым ұзағырақ қызмет етіп, ешқандай жағымсыз жағдай болмайтын болады. «Қару-жарақты қадағалау» сөзінің мұндай анықтамасы келесі талқылаудың басталуына алып барады: қаруды еркін сату үшін қандай шектеулер мен тыйымдар салу керектігі жайлы емес, қалайша оны мақсатқа жетудің тиімді құралына айналдыруға болады. Өсіп келе жатқан қауіптің артықшылықтары туралы дебатқа әзірлену мүмкіндігі аз. Мұндай дебатта жеңіске жету мүмкіндігі одан да төмен.



Талқылау тақырыбына қойылатын шектеулер екі жақ үшін де, төрешілер үшін де маңызды. Төрешінің кім екеніне қарамастан, анықтамалар дебаттың өтетін шектерін және сіздің дәлелдемелер сюжетіңіздің даму бағытын да көрсету үшін қажетті.

Сіз нақты анықтамалар көмегімен сіз қарсылас топқа аргумент келтіру өрісін көрсетесіз, ал төрешіге – сіздің аргументтеріңіздің нақты жолын көрсетесіз. Бұл жерде оны ойын алаңы ақ жолақпен белгіленген теннис ойынымен салыстыруға болады. Ол жолақтар – тақырыптың кең шекаралары. Алаң ортасында қарсыластарды бөлетін тағы бір жолақ бар. Ол жолақ тормен бірге әрбір ойыншының орналасқан «кеңістігін» анықтайды. Нақты анықтамалар қарсыласқа тордың қай жақ сыртында ойнауы керектігін көрсетеді.

Егер сіз қаруды қадағалау бойынша дебатқа қатысатын болсаңыз және «қадағалау» сөзін ашық сатылымға салынған қандай да бір тыйым ретінде анықтайтын болсаңыз, онда қарсыластарыңыз сіздің қай алаңда ойнайтыныңызды білетін болады. Нәтижесінде, қарсыластарыңыздың өз позициясын анықтай алмау мүмкіндігі толықтай жойылады.

Жақсы тақырыпты құрастыру оңай емес. Оған барынша көбірек адамдар санын тарту қажет.

Тақырыпты құрастырмастан бұрын, «жақсы тақырып»:

- Қызығушылықты тудыруы тиіс;

- Тепе-тең болып, топтарға бірдей сапалы аргумент беруге жақсы мүмкіндік тудыруы қажет;

- Зерттеу жұмысына ынталандыруы тиіс;

- Әр түрлі деңгейдегі пікірталас жүргізуге мүмкіндік тудыруы тиіс.

Осы талаптардың барлығын сақтау барысында тақырып дебатта бірнеше ай бойы қолданыла алады.

Дебаттың шеңберінде екі жақ та тақырыптың маңызын түсінуі қажет. Мысалы, егер жақтаушы топ демократияға «өкілдік үкімет» деген анықтама беретін болса, ал даттаушы топ оны «барлық идеяларға ашық қарау» деп түсінсе, онда пікірталас болмайды, себебі екі жақ әр түрлі нәрсе туралы сөйлейтін болады. Сондықтан барлық түсініктерге нақты анықтама өте қажет болып табылады.

Анықтама барлық істердің бастамасы болып табылады. Жақтаушы топ анықтамасы раунд нәтижесіне әсер ете алады. Неліктен? Себебі анықтама шектеулер қойып, тақырыптың дұрыстығын анықтайды.

Сіздің анықтамаларыңыз тақырыпты кеңінен қамтуы маңызды болып табылады. Басқаша айтқанда, дебатқа қатысушылар анықтамаға келгенде әділ болуы тиіс. Олар талқылауға кеңістік беруі керек. Сіз тақырыпта қолданылатын терминдерге барынша тар анықтама беріп, дебатты осы терминдерді талқылауға арнай аласыз.

Мысалы, келесідегідей тақырып берілсін: «Ішуге жарамды су сапасын тексеру міндетті». Жақтайтын топ суға өздерінің кейсінде берілгендей улы қалдықтар мен қышқыл жаңбырмен уланған жерасты суы деп анықтама бере алар еді. Біздің ішетін суымыздың көптеген бөлігі жерасты көздерінен келетін болғандықтан, жақтаушы топ оның ластануы денсаулық үшін қауіп келтіруі мүмкін, ал ол су сапасын тексеру бағдарламасының дүниеге келуін ақтайды. Даттаушы топ бұл жағдайда мәнісі келмейтін «су» сөзінің мұндай анықтамасына қарсы шыға алады. Өзіңізге белгілі болғандай, тіпті жер астынан шығатын ең таза судың өзі су өткізгіш түтіктер мен коммуникациялар нашар жұмыс істейтін болса, ластануы мүмкін. Осылайша, даттаушы топ судың басқа анықтамасын ұсынады: өндіруден өткен ішетін су. Даттаушы топ егер су нашар су жүйесі салдарынан қайтадан ластанатын болса, жер асты суларының тазалығын қамтамасыз ету бойынша барлық мықты бағдарламалардың түкке жарамайтындығын болжайды. Ал жақтаушы топ өз кезегінде тазалаушы құрылғылар жағдайы нашар екендігін бір де бір рет дәлелдемеген. Осылайша, жақтаушы топ (бізге жер астын көздерінен алынатын таза су қажет екендігін дәлелдей отырып) тақырыптың дұрыстығын дәлелдемеді, себебі бұл жерде әңгіме өңдеуден кейінгі су тазалығы туралы болып отыр.

Жақтаушы топ мұндай тартысты болдырмас үшін қолынан келгенінің бәрін жасай алады және солай істеуі тиіс те, ол үшін ең басынан бастап анық және саналы анықтамалар береді. Олай болмаған жағдайда дебат тақырыпта берілген маңызды мәселелерді талқылау орнына семантика бойынша жанжалға айналуы мүмкін.

Өз аргументтерін төрешіге немесе қарсыластарға ұсынбастан бұрын сіз тақырыпты зерттеу оңайырақ болуы үшін оның терминдеріне анықтама беруіңіз керек. Аталған мәселенің мәні неде екенін және оның не болуын зерттеу – жетістікті пікірталасқа апарар алғашқы қадам болып табылады.

Терминдерге анықтама бермес бұрын сіз қандай терминдерге анықтама беруіңіз керек екендігін түсінуіңіз керек. Тақырыптағы әрбір сөзге оны түсіну үшін анықтама беру қажет емес. Кейбір терминдер мен сөздерді екі топ та қабылдап, оған анықтама беруді қажет етпейді. Сіз қандай да бір қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін терминдерге анықтама беруге назар аударуыңыз тиіс. Келесі мысалды қарастырайық: «Жануарларды ғылыми зерттеуде пайдалану дұрыс емес» тақырыбын алайық, онда дебатқа қатысушылар «ғылыми зерттеу» және «жануар» терминдеріне анықтама бергісі келуі мүмкін. Басқа терминдер пікірталас барысында ешбір сұрақ тудырмайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аникеев Н.П. Воспитание игрой. – М., 1987.
2. Беспалько В.Г. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М., 1995.
3. Вагапова Д.Х. Риторика в интеллектуальных играх и тренингах. – М.:Цитадель, 1999.
4. Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. – Ростов\_на Дону: Феникс, 1995.
5. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии, 1996, №6.
6. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Как сегодня преподавать историю в школе. – М.: Просвещение, 1999.
7. Т.В. Светенко Путеводитель по дебатам. М: РОССПЭН, 2002, 2005. Фонд библиотеки, Интернет.
8. Т.В. Светенко. «Путеводитель по дебатам». Учебное пособие для педагогов и учащихся. М: РОССПЭН, 2005.
9. Калинин Е.Г. Дебаты на уроках истории, М: РОССПЭН, 2007.
10. Петренко О.Л. Дебаты. Рабочая тетрадь по истории России. Задания для учащихся, М: РОССПЭН, 2006.
11. В.В.Петрусинский. Игры – обучение, тренинг, досуг. М.,2004.
12. Польшева О.В. Возможности технологии "Дебаты". Школьные технологии. № 1, 2007.

#### ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ – ТӨРБИЕШІ-ПЕДАГОГ ШЕБЕРЛІГІ

Калиева Айтолкын Абдыхалыковна  
№2 Қазанбасы орта мектебі.  
Қостанай қаласы, Әуликөл ауданы,  
Қазанбасы ауылы.  
E-mail: aytolkyn.kalieva.91@mail.ru

#### Аннотация

Мақсаты. Өзектілігі: Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды

Алғы сөз.....	3
Аманжол Күзембайұлы Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» жырының тарихилығы.....	4
Ахметов Т.А. Мағжан Жұмабаев – өлең сөздің пайғамбары.....	7
Утегенова Б.М. К вопросу о необходимости изменений в образовательной практике педвуза.....	11
Абдрахманова М.С. Мағжан Жұмабаевтың ойлау ұғымы мен сындарлы оқыту үндестігі.....	14
Айтуарова Л.Н. Патриотическое воспитание как основа формирования духовных ценностей у подрастающего поколения.....	16
Аканбаев Б.Н. Нұркелді П. Эмоционалды күйіп кетудің белгілері және салдары...	19
Аманжол Күзембайұлы, Алибек Т.К., Шақимбаева А.Р. Движение Марал-ишана: характер и идейные основы.....	22
Аманжол Күзембайұлы, А.Сероус Раннесредневековые печенеги.....	26
Аухатова Р. Ж., Мурзагалиева К.З. Мағжан дүниетанымы.....	30
Ашимова Н.Т. Просветительские идеи Магжана Жумабаева и современная образовательная система.....	34
Байжанова С.А., Балгабаева Г.З. Формирование поликультурной личности младшего школьника в условиях модернизации общественного сознания.....	38
Батура Л.В. Некоторые инновационные подходы в преподавании математики в школе.....	43
Батыргалиева Р.Т. Исследование современного урока географии в условиях малокомплектной школы: проблемы и перспективы.....	48
Бегежанова Г.Х. Білім берудегі инновациялық технологиялар.....	50
Болотвина Г.В. Педагогические взгляды Магжана Жумабаева.....	54
Гвиздок Л.В. Великий сын востока.....	57
Геворкян А.Р. Применение элементов дистанционного обучения в учебном процессе колледжа.....	61
Гончар Н.А., Иванова Е.Н. Некоторые особенности отражения педагогических идей М. Жумабаева в современном образовании.....	65
Даулетбаева Г.Б. Мұғалімнің кәсіби бағыттары пәнінің мазмұнындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбын оқыту мәселесіне.....	68
Досмурзина А.К. Инновациялық әдіс-тәсілдерді білім беруде қолдану.....	70
Ермаганбетова А.Ж., Бексултанова Р.Қ. Мағжан Жұмабаев және заманауи білім..	73
Жармухамбетова Ж.К. Балалар әдебиетіндегі Мағжан.....	76
Жумабаева Г.Т. Мағжан Жұмабаев еңбектері- рухани әлемді танудың көзі.....	81
Жумабаева М.А. Актуальность педагогических трудов Магжана Жумабаева в современной образовательной системе.....	83
Иванова Е.Н. Некоторые возможности использования педагогических идей М.Жумабаева студентами в воспитательной работе с учащимися .....	88
Иванова Е.Н., Лантух Я.С. К вопросу направлений ознакомления студентов с инновационными подходами к обучению учащихся начальной школы.....	91
Ивышева Э.К. Жас ұрпақты рухани құндылықтармен тәрбиелеу жүйесін қалыптастыру.....	95
Ильясов Е.К. Реализация задач духовно-нравственного воспитания на уроках математики.....	98

Ильясова Г.А. Сабақты зерттеу» тәсілі эксперименталдық зерттеудің ерекше нысаны ретінде.....	102
Исетова Б.К. Использование передовых педагогических идей М. Жумабаева при формировании ключевых компетенций учащихся на уроках математики.....	106
Исмагулова К.Б., Симакина И.А. Развитие у детей общечеловеческих ценностей на интегрированных уроках.....	109
Кабденова Ж.М. Мағжан Жұмабаев - жарық жұлдыз.....	112
Калиев Д.Д. Мешітхан А.А. Дебат технологиясы арқылы тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру жолдары.....	116
Калиева А.А. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі.....	119
Карамурзина А.Б. Жаңаша үлгідегі сабақты ұйымдастыру – мұғалімнің жеке шығармашылық жұмысы.....	122
Карымсакова Д.Т, Утегенова С.Т. Методика проведения семинарского занятия в системе образования.....	126
Кенжегарина А.Ә., Арыстан Н.Н. Инновациялық білім беру – дамыған ұстаз, дамушы оқушыны қалыптастыру бағыты.....	129
Кокасова Р.К. Мағжан Жұмабаевтың өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесі..	133
Қонарбаева Б.Қ. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	135
Куркбасова Г.С. Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық қарым-қатынастың тиімділігі.....	139
Мурат С. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері - ұлттық рух пен патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі.....	144
Мурзабекова А.Б. Обучение с использованием мобильных устройств как новая система взаимодействия участников образовательного процесса.....	147
Муханова А.М., Биримжанова А.К. Жаңартылған білім-заман талабы.....	149
Нургалиева А.Ж., Бабаченко Л.П. К вопросу о некоторых задачах духовно-нравственного воспитания учащихся общеобразовательной школы.....	152
Нурушева Г.К. Вопросы организации курсов подготовки и переподготовки казахских специалистов в 1920 годы (на основе архивных материалов).....	155
Порошина Т.И. Основные аспекты исследования духовно-нравственных ценностей в контексте социально-гуманитарного знания.....	160
Саметова Н.С. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдіру.....	162
Саутпаева А.А., Барамбаева К.А. Білім берудің тиімді түрі.....	165
Сафронова Г.К. Инновационные технологии и подходы в работе социального педагога.....	168
Сембетова Г.С. Өскелең ұрпақтың бойына рухани құндылықтарды қалыптастыруда қазақ әдебиетінің ролі .....	172
Смолева Н.В. Применение метода джигсо на уроках специальных дисциплин...	175
Сулейменова Қ.Қ. Ұлт мақтанышы – Мағжан Жұмабаев.....	178
Сулейменова Л.М., Шинибекова Г.С. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	181
Султанова А.С. Мағжанның маржан мұрасы.....	185
Сураганова Б.Б. Использование произведений Магжана Жумабаева в преподавании истории казахстана .....	189
Сыздыкова Қ.К. Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....	192
Тайкенова А.У. Мағжан Жұмабаевтың ағартушылық идеяларының қазіргі заманғы білім беру жүйесімен үндестігі.....	196
Тортулова А.Ә. Мағжан Жұмабаевтың келешек ұрпаққа салған дара жолы.....	198
Уварина Н.В. Аспекты креативно-прогностического управления в современном образовании.....	200



Уразова Л.И. Внедрение инновационных технологий в образовательную практику-становление конкурентоспособного специалиста.....	204
Фатхудинова И.В. Экологическое образование, воспитание и культура.....	209
Хамзина К.Б. Жастарға ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудағы тәрбие мәселелері.....	212
Шалгимбекова А.Б., Шамитдинов А.М. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі инновация.....	216
Шарипов К.К. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	219
Шолқыбаева Р.М., Жантлесова М.Х. Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – тәрбиеші-педагог шеберлігі ...	222
Шолпанбаева Ғ.Ә., Безаубекова А.Д. Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы ұлттық тәрбие.....	225
Шыныбекова А.Б. Сохранение национальной идентичности через педагогические идеи М. Жумабаева .....	228
Мнайдарова С.С., Ахманова К.Б. Созвучие просветительских идей Магжана Жумабаева современной образовательной системе.....	231
Көбекова А.Қ Студенттердің көшбасшылығы.....	234
Сауленко Т. Н., Науменко Н. Ю. Этнопедагогика М. Жумабаева и современность.....	239